

## Өздеріне қатысты пробация қолданылатын адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету қағидалары

### *Күші жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 23 қазандағы № 1131 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 1 қыркүйектегі № 758 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 01.09.2023 № 758 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.04.2022 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

**РҚАО-ның ескертпесі!**

Осы қаулы 01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі.

2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінің 15-бабы 1-тармағының 7) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Өздеріне қатысты пробация қолданылатын адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.04.2022 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. "Шартты түрде сотталған адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 сәуірдегі № 542 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2012 ж., № 46, 623-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2014 жылғы 23 қазандағы  
№ 1131 қаулысымен  
бекітілген

## **Өздеріне қатысты пробація қолданылатын адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету қағидалары**

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.04.2022 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Өздеріне қатысты пробація қолданылатын адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексін, "Пробація туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында әзірленді және өздеріне қатысты пробація қолданылатын адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету тәртібін айқындайды.

2. Жергілікті атқарушы органдар, қоғамдық бірлестіктер және өзге де ұйымдар сотқа дейінгі, үкімдік, пенитенциарлық және пенитенциарлықтан кейінгі пробація қолданылатын адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетеді. Бұл адамдар аталған көмекті алуға жергілікті атқарушы органдарға немесе қоғамдық бірлестіктер мен өзге де ұйымдарға жүгіне алады.

3. Үкімдік пробація бас бостандығын шектеуге сотталған адамға немесе шартты түрде сотталған адамға қатысты қолданылады.

4. Пенитенциарлық пробація қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп жатқан сотталған адамға қатысты қолданылады.

Пенитенциарлық пробація қолданылатын адамдар үшін қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемесінің әкімшілігі осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетудің жеке бағдарламасын жасайды.

5. Пенитенциарлықтан кейінгі пробація:

1) бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған;

2) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылатын, сот әкімшілік қадағалау белгілеген;

3) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 73-бабына сәйкес бас бостандығынан айыру бас бостандығын шектеуге ауыстырылған;

4) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 73-бабына сәйкес бас бостандығынан айыру айыппұлға ауыстырылған;

5) сот тағайындаған бас бостандығынан айыру түріндегі жаза мерзімін өтеген адамдарға қатысты қолданылады.

## **2-тарау. Өздеріне қатысты пробация қолданылатын адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету тәртібі**

6. Білім алуға, мамандықты меңгеруге, жұмысқа орналасуға, емделуге, сондай-ақ құқықтық көмекпен қамтамасыз етуге көмек көрсету өздеріне қатысты пробация қолданылатын адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмектің негізгі бағыты болып табылады.

7. Пробация қызметі өздеріне қатысты пробация қолданылатын адамдарды есепке қою кезінде:

1) адамның тұрғылықты жерін, денсаулық жағдайын, білім деңгейін және еңбекпен қамтылуын анықтайды;

2) әлеуметтік-құқықтық көмек алу тәртібін түсіндіреді.

8. Жергілікті атқарушы органдар өздеріне қатысты пробация қолданылатын адамдарға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетуге байланысты процесті ұйымдастырады.

9. Медициналық көмек мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетіледі.

10. Аяқталмаған орта білімі бар өзіне қатысты пробация қолданылатын адам тұрғылықты жері бойынша оқу орындарына жүгінеді.

11. Өздеріне қатысты пробация қолданылатын адамдарға құқықтық көмек мынадай көрсетілетін қызметтерді көздейді:

1) олардың қаражаты болмаған жағдайда заңнама бойынша тиесілі әлеуметтік жәрдемақыларды, арнайы төлемдерді алуға, жұмысқа орналасуға, оқуға, медициналық көмек алуға құжаттар тапсыру үшін заңдық мәні бар құжаттарды ресімдеу;

2) әлеуметтік көмекке, әлеуметтік қамсыздандыруға заңнамада белгіленген құқықтар мен олардың бұзылуынан қорғау тәсілдері бойынша заңдық консультация беру;

3) өмірдегі қиын жағдайдан шығу үшін жағдай жасайтын мәселелерді шешуге ықпал ететін заңнамада белгіленген жеңілдіктерді, жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді алуға жәрдемдесу.

Өздеріне қатысты пробация қолданылатын адамдар құқықтық көмек көрсету үшін олардың тұрғылықты жері бойынша жергілікті атқарушы органдарға жүгінеді.

12. Өздеріне қатысты пробация қолданылатын адамға жұмысқа орналасуға көмек көрсеткен кезде жергілікті атқарушы органдар мынадай іс-шараларды жүзеге асырады:

1) жұмыссыздарды өкілетті органның/халықты жұмыспен қамту орталығының бос орындар базасында бар бос жұмыс орындарына жіберу;

2) жұмыссыздарды әлеуметтік жұмыс орындарына жіберу;

3) жұмыссыздарды олардың келісімі бойынша қоғамдық жұмыстарға жіберу;

4) жұмыссыздарды кейіннен жұмысқа орналастыруға көмек көрсете отырып, еңбек нарығының сұранысына сәйкес кәсіптік даярлауға, қайта даярлауға және біліктілігін көтеруге жіберу;

5) пробация қызметінің есебінде тұрған немесе бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін квоталар белгілеу. Бұл ретте жіберуші тарап жұмыскерлерінің тізімдік санында персонал беру жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған шартқа сәйкес жұмысқа тартылатын жұмыскерлер есепке алынбайды.

13. Пробациялық бақылау, әкімшілік қадағалау мерзімі өтіп, пробация қызметінің есебінен шығарғаннан кейін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдар көрсететін әлеуметтік-құқықтық көмек жалғасады.

14. Пробация қызметі сот қаулысын алғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде әлеуметтік-құқықтық көмек көрсететін жергілікті атқарушы органға және ұйымға іздестіру жарияланған, "қамаққа алу" бұлтартпау шарасы тағайындалған адамдарға қатысты әлеуметтік-құқықтық көмекті тоқтата тұру үшін хабарландыру жолдайды.

15. Әлеуметтік-құқықтық көмек көрсететін жергілікті атқарушы органдар, қоғамдық бірлестіктер және өзге де ұйымдар қызметкерлерінің заңсыз әрекеттеріне заңнамада белгіленген тәртіппен шағымдануға болады.

Өздеріне қатысты пробация  
қолданылатын адамдарға  
әлеуметтік-құқықтық көмек  
көрсету қағидаларына  
қосымша  
Нысан

---

**(мекеменің атауы) Әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетудің жеке бағдарламасы**

Біз, төменде қол қоюшылар: \_\_\_\_\_

— (қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемесінің қызметкерлері)  
түзеу мекемесінен босағаннан кейін

\_\_\_\_\_ (тұратын мекенжайы  
)

(адамның тегі және аты-жөні)

денсаулық жағдайының, білім деңгейі мен жұмыспен қамтылуының, тұрғылықты жерінің бар-жоғының, сондай-ақ өзге де мәліметтердің (пенитенциарлық пробацияға жататын адамдар) нәтижелері бойынша әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетудің жеке бағдарламасын жасадық, ол мынадай әлеуметтік-құқықтық көмектің көрсетілуіне мұқтаж:

- 1) медициналық көмек алуға (қажет болған жағдайда);
- 2) құқықтық көмекке (қажет болған жағдайда):

пробация қызметінің есебінде тұрған адамның қаражаты болмаған жағдайда заңнама бойынша тиесілі әлеуметтік жәрдемақыларды, әлеуметтік төлемдерді алуға, жұмысқа орналасуға, оқуға, медициналық көмек алуға құжаттар тапсыру үшін заңдық мәні бар құжаттарды ресімдеуге;

әлеуметтік көмекке, әлеуметтік қамсыздандыруға заңнамада белгіленген құқықтар мен олардың бұзылуынан қорғау тәсілдері бойынша заңдық консультация беруге;

өмірде қиын жағдайдан шығу үшін жағдай жасайтын мәселелерді шешуге ықпал ететін заңнамада белгіленген жеңілдіктерді, жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді алуға жәрдемдесуге;

- 3) білім алуына көмек көрсетуге (қажет болған жағдайда);
- 4) кәсіпті меңгеруіне және жұмысқа орналастыруға (қажет болған жағдайда);
- 5) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін (жазасын өтеген адамның тұрғын үйі болмаған немесе одан айырылған жағдайда) уақытша тұру ұйымына орналастыруға;
- б) өзге де көмек алуға (қажет болған жағдайда).

Әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетудің жеке бағдарламасын қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемесінің қызметкері жасады.

\_\_\_\_\_ (атағы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

\_\_\_\_\_ (атағы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

М.О.

Әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетудің жеке бағдарламасымен таныстым және келісемін \_\_\_\_\_

(адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) (қолы)

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК